

# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№11 (080) ЖҰМА

29 наурыз 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

## ҰЛЫ ДАЛАҒА ҰЛУ КЕЛДІ...



**ЖЕР - АНА** жаңа түрге енді. Қырда бәйшешек бүр жарды. Ұлы Далаға Ұлу келді. Шығыстың шырайлы да шадыман Жаңа Жылы енді босағадан. Биыл Мемлекет басшысының бастамасымен Наурыз әдеттегіден ерекше тойланды. Он күн бойына далада да, қалада да Жаңарудың жылы лебі есіп, сезіліп тұрды.



Айталық, биыл алғаш рет Наурыз қалалардың аулаларында тойлана бастады. Бұл Наурыздың халықтық сипат алуына кең жол ашатыны сөзсіз. Сол ауланың тұрғындарының ауызбірлігі мен ынтымағы да арта түседі. Көзіміз көргесін айтайық, аулаға жайылған да-

стархан басында әртүрлі ұл өкілдері өз тағамдарын жайнатып тастады. Бәрі де Наурызкөжеден дәм ауыз тиіп жатыр. Тамаша ғой.

Сондай -ақ, басқа жақты қайдам, Сәтбаев қаласында бұрынғыдай қазан көтеріп, табақ -табақ ет тарту болғаны



байқалмады. Керісінше, қай үйге бас сұқсаң да Наурызкөже мен бауырсағын ұсынған кеңпейіл халық. Негізі осылай істеген дұрыс. Бірте - бірте киіз үй көтеруден де бас тартқан жөн.

Сонымен, Ұлу жылы келді. Ұлудың ерекшелігі ол әрқашан кібісе жылдары келеді екен және

Ұлу суда жүретін болғандықтан, бұл жылы құрғақшылық болмайтын көрінеді. Шынында да, сай - саланы су алып жатыр қазір. Ендеше, даламызға Ұлу жылы - Молшылық жылы келгені құтты болсын!

**Абдолла НҰРТАУҰЛЫ**

### Сәтбаев қаласының жергілікті атқарушы органдарында әдеп жөніндегі уәкілдің қабылдау кестесі

Т.А.Ж.	Лауазымы	Аптаның күні	Уақыты
Бегежанова Ақтолкен Хамитовна	Сәтбаев қаласы әкімі аппаратының басшысы	Әр бейсенбі	17.00 сағ.

Байланыс телефоны: 8(71063) 3-75-75  
Мекен жайы: Сәтбаев қаласы, ак.Қ.И.Сәтбаев даңғылы, 108, 33 кабинет

### График приема уполномоченного по этике в местных исполнительных органах города Сатпаев

Ф.И.О.	Должность	День недели	Время
Бегежанова Ақтолкен Хамитовна	Руководитель аппарата акима города Сатпаев	Каждый четверг	17-00 час.

Контактные телефоны: 8(71063) 3-75-75  
Адрес: город Сатпаев, пр.ак.К.И.Сатпаева, 108, кабинет 33

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҺӘМ

**Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы да өтті. Ең алғашқы Ұлттық құрылтай ұлт ұясы саналған Ұлытауда ұйымдастырылса, өткен жылы жақсы-жайсаңдар Түркістанның төріне жиналды. Ал, биылғы «Күлтөбе» Атыраудың атырабында өтті.**

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты құрылтайдың үшінші отырысында көптеген мәселеге тоқталды. Шыны керек, президент соңғы кездері «адал» деген сөзге ерекше екіпін беріп, өз сөзінде жиі айтып жүр.**

**Әрине, Ұлттық құрылтайда айтылған жайттарды тізбелеп шығу мүмкін емес, сондықтан біз барынша маңыздыларына тоқталуға тырыстық.**

## ОРТАҚ МАҚСАТҚА ҰЙЫСҚАН ҰЛТ ЕШҚАШАН ҰТЫЛМАЙДЫ

Иә, мемлекет басшысы құрылтайдың ешқашан той тойлап, әңгімедүкен құратын жиын емес екенін, келешекте де ондай болмайтынын еске салды. Бұған дейінгі екі құрылтайда елді дамытуға қатыс ты маңызды бастамалар көтеріліп, оның біразы орындалғаны сөз болды. Яғни, президенттің өзі «бәрі 100 пайыз жақсы» дегеннен қашып отыр.

– Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет, – деді ол.

Руханият өкілдері мемлекет басшысының құрылтайда кітапхана ісі туралы айтқан ойын іліп әкетті. Көпшілік «кітап оқитын ұлт болу үшін бұл қадамның маңызы бар» деп есептейді. Әрі көптеген мемлекетте Ұлттық кітап күні аталып өтеді.

– Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бейжай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды іс-шараларды қолға алу қажет. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек, – деді президент.



## ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ, КӨП ӘЙЕЛ АЛУ...

Тасын түртсең, тарихтан тамыр таратын еліміздегі археология саласы да Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарынан тыс қалмады. Ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылық та айтылды.

– Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ өз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі Ұлттық киім күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен былтыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым, – деді ол.

Шыны керек, қазір әлеуметтік желіде өзге ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерімізге таңғалғанын бейнелейтін видеолар өте көп. Тіпті, кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізуде.

«Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетін дер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Оған құқықтық баға беріліп, біржола

тосқауыл қойылуға тиіс» деген мемлекет басшысы дәстүрдің озығы бар, тозығы бар екенін еске салды.

## «КӨК ТУЫМЫЗДА МІН ЖОҚ, ЕЛТАҢБАМЫЗГА СЫН БАР»

Құрылбайдан соң ең көп талқыланған тақырыптың бірі – осы.

– Мемлекеттік нышандарымызды түгел жаңғырту туралы пікір айтатын біле мін. Біздің Көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болмысы нақты бейнеленген. Өнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Қазақтың Өн ұраны әлемнің әр түркірінде шырқалып жүр. Жаңа жылды жақындарымыздың ортасында Өнұранмен қарсы алу жақсы дәстүрге айналды. Бір сөзбен айтсақ, Өнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан.

Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орындар пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады, – деді президент.

Дәл осы пікірге келгенде қоғамның пікірі қақ жарылғаны жасырын емес. Кейбіреулер мұны бос шығын деп бағалайды.

Құрылтай барысында көптеген мәселе ашық айтылды. Соның бірі

– есірткі пайдалану. Бұл індет жаппай белең алып бара жатқаны да рас. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталып, заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынған. Балалар арасында нашақорлық тез таралып, жастар ұланып жатыр.

– Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын.

Мен былтырғы Құрылтайда балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейптердің» таралуына тосқауыл қою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айттым. Қазір Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Бұл қадам бүгінде сәнге айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## БУЛЛИНГ, АГРЕССИЯ және ВАНДАЛИЗМ...

Лудомания да бет қаратпай тұр. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Құзырлы органдар өткен жылы интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттаған. Осы секілді қоғамда өршіп тұрған індеттерді айта келе президент тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне және вандализмге тоқталды.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия да қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс. Ашығын айтсақ, қоғамда қатігездік күшейіп барады. Біреуге тіл тигізіп, ар-намысын таптап, тіпті, ұрып-соғуға дайын тұратындар аз емес. Жедел жәрдем және қоғамдық көлік жүргізушілеріне шабуыл жасалғанын білесіздер. Адамға әлімжеттік көрсету, қорлау дұрыс емес. Мұндай теріс әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. «Ауруын жасырған өледі». Сондықтан біз осы қоғамдық дертті жасырмай, ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз үйде де, түзде де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіз ортада өмір сүруі керек. Заң мен тәртіп қатаң сақталуға тиіс, яғни қоғамда Заң үстемдігі болуы қажет. Ең бастысы, біз мейірімді әрі мәдениетті ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Тағы бір кесел, бұл – вандализм. Өкінішке қарай, қоғамдық мүліктен бастап, мыңжылдық мәдени мұраларға дейін – бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бурабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпіртасты қараңыздар. Ең жауһар жерлеріміздің сұлулығы шимайдың астында қалып жатыр. Үйдегі лифтіні, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып

# ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік. Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүниежүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке үлгі болып отыр. Ал біз неге олардан кем болуымыз керек?, – деді мемлекет басшысы.

## СУ – БОЛАШАҚТЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Мұнан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев ысырап шылдық, әсіресе су мәселесіне ерекше тоқталды. Рас қазақстандықтар арасында суды үнемдеуге байланысты қалыптасқан дәстүр жоқ. Су – болашақтың байлығы. Бірақ, әлі күнге дейін суды үнемдеп пайдалану мәдениеті қалыптаспай отыр.

«Ұлттық құрылтайда біз мәдени-гуманитарлық саланың және идеологияның жаңа бағдарын айқындаймыз. Осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізді қарқынды дамыту үшін өте маңызды. Дегенмен, өзгерістердің басты мақсаты – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Сондай-ақ әр азаматтың жан-жақты дамуына жағдай жасау» деген ел президенті қазір жұмыс істеп тұрған 55 жылу орталығын толығымен жөндеуді, ұзындығы кемінде 6,5 мың шақырым болатын инженерлік жүйені жаңғыртуды тапсырды. Сондай-ақ, баспана, жол салу және оны жөндеу жұмыстары, газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыру мәселесі сөз болды.

– Болашағы зор тағы бір бағыт – IT-технологиялар. Қазақстанда осы жылдың соңына дейін суперкомпьютер жасап, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланған. Біз Каспий теңізінің таба ны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздеп отырмыз. Бұл жоба Еуропа мен Азия арасында тағы бір цифрлы дәліз орнатуға жол ашады. Мен жақында «Қазақстан темір жолы» компаниясының Инновация орталығында болдым. Орталық қызметінің арқасында еңбек өнімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін озық технология осы салаға енгізіліп жатыр. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдің білікті IT-мамандары жұмылдырылды, – деді президент.

Тағы бір мәселе бюджет қаржысын үнемдеуге арналды. Бұл мәселені мемлекет басшысы Үкіметке тапсырды. «Қаржыны оңды-солды жұмсауға болмайды, бұл – ақиқат. Мемлекеттік мекемелердің бюджетін тексеріп отырмаса, шығыстары ұлғая береді. Қаражат ең қажет жобаларға, ең маңызды мәселелерді шешуге жұмсалуды қажет» деді ол.

## «ОРЫНСЫЗ БАЙБАЛАМ САЛЫП, СЫНАП-МІНЕУДІ ДОҒАРУ КЕРЕК»

Саяси реформалар заңдарға түзету енгізу, институционалдық

өзгеріс жасау арқылы жүзеге асырылмақ. Бірақ қоғамдық этиканың ақсап тұрғаны жасырын емес әрі ол үшін заңдарды өзгерту жеткіліксіз секілді. Мұны Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі айтып отыр.

– Зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті мемлекеттік қызметшілер де орынсыз байбалам салып, айналасын сынап-мінеуді әдетке айналдырды. Мұны доғару керек. Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болған жөн. Үнемі артқа қарайлап, өткен күнге өкпе арта беруге болмай-

жұмыс істеп, табыс табуға мүмкіндік туса, одан бас тартпаған жөн. Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу, – деп толықтырды президент.

## КЕЛЕСІ ҚҰРЫЛТАЙ КӨКШЕТАУДА ӨТЕДІ

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Президент осылай ойлайды. Яғни, балалар мен жас-



ды. Әлем қауымдастығында лайықты орнын иелену ді қалайтын ұлт өзін өзгелерден кем сезінуден және әлеуетін әлсірететін жалған түсініктерден арылып, болашаққа нық сеніммен қарауы керек.

Мен барлық пікірді қорыта келе, ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталғым келеді.

Бұл, ең алдымен, тәуелсіздік және отаншылдық. Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлесіп тіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни қастерлі Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз, – деді ол.

Бүгінде дамыған елдердің азаматтары да шетел асып, табыс табады. Әрі оған намыс танып жатқан ешкім жоқ. Бұл өз кезегінде заманауи көшпенділікті көрсетсе керек. Мұны бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс деп қабылдаған жөн.

– Соңғы жылдары біздің де жастарымыз шетелге жиі шыға бастады. Қазір Қазақстанның 200 мыңға жуық азаматы заңды түрде сыртта жұмыс істеп жүр. Табыс табу үшін шетелде бейресми еңбек етіп жүргендер де бар. Қай жерде болсын, еңбектің, кәсіптің жаманы болмайды. Тек бәрі заңды болуы керек. Сонда мемлекет олардың құқығын қорғап, қандай бір жағдай болса, көмектесе алады. Ел ішінде немесе шетелде заңды түрде

тарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек.

– Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Тағы да бір қайталап өтейін: бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжау сыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады.

Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көк-жиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Әйгілі Қасым хан – Сарайшықта, Абылай хан – Бурабайда ордасын тіккені белгілі. Есілдің бойында – Кенесары хан мемлекеттігімізді сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежіремізде айрықша орын алады. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынамын» деген мемлекет басшысы жиыннан қорытынды шығарып, тапсырмалардың тиянақты орындалуын жауаптыларға жүктеді.

Рыскелді СӘРСЕНҰЛЫ  
Halyqline.kz  
21.03.2024

## ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛЫП ЕДІ...

*ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің негізгі функцияларының бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.*

Ұлытау ауданының тұрғыны Жезқазған қаласына жұмысқа орналасу үшін отбасымен көшіп келген. Жұмыс орнымен еңбек шартын жасау үшін ҚР Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес қажетті құжаттардың бірі – медициналық куәландырудан өткені туралы құжат.

Осыған сәйкес, азамат Н-ге медициналық куәландырудан тегін өту үшін медициналық ұйымға тіркелуге тура келген.

Азамат Н. Жезқазған қаласының емханасына «Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту» мемлекеттік қызметін алу үшін жүгінген.

Бірақ, емхана тарапынан «мекенжай ұйымның қызмет көрсету аймағында емес» деген себеппен бас тартқан. Осыған байланысты қызмет алушы Н. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментіне жүгінуге мәжбүр болған.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларына сәйкес, келесі жағдайларда ғана бас тарту көзделген:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша басқа әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жақын жердегі емханаға бекітілетін шекаралас аумақтарда тұратын адамдарды қоспағанда, қызметті алушының медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен (ауыл, кент, қала, облыстық маңызы бар қаладағы аудан, республикалық маңызы бар қала, астана) тыс нақты (тұрақты немесе уақытша) тұруын белгілеу;

3) бекітілген халықтың саны бір жалпы практика дәрігеріне 1700 адам аралас халық, учаскелік терапевтке 2200 адам, учаскелік педиатрға 6 жасқа дейін 500 бала, 14 жасқа дейін 900 баладан асуы.

4) балалар бекітілген жағдайда заңды өкілдігін растайтын құжаттың болмауы.

Департаментпен тексеру жүргізіліп, нәтижесінде Емхана қызметкерлері өтініш иесіне Қағидада көзделмеген себеппен заңнама талаптарын бұза отырып негізсіз бас тартқандығы анықталды.

Қызмет алушы Н.-ның бұзылған құқықтары тек ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің араласуынан кейін ғана қалпына келтірілді.

Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1 ғимаратындағы № 709 кабинетке немесе электронды үкіметтің веб-порталы арқылы жүгінуге болатындығын назарларыңызға саламыз (байланыс телефоны – 8/7102/733270).

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің Ұлытау облысы  
бойынша департаменті

► 29 НАУРЫЗ - САТИРИК КӨПЕН ӘМІРБЕКТИҢ ТУҒАН КҮНІ

# ШОҚ ТІЛДІ ШОНА



**РЕДАКЦИЯДАН:** Қай күні қашан кімнің бастамасымен пайда болғаны жөнінде көп қисын айтылғанымен бәрінен де бір дұдамал байқалып тұратындығына қарамастан 1 сәуірді Күлкікүні ретінде атап өтеміз. Қазекем бұл күнді кейде көңілі түссе «Қожанасыр бабамыздың», кейде «Алдар Көсе атамыздың туған күні» деп те жатады. Дүниеде болған - болмағандары беймағлұм екі шалдың туған күні деп айқайлап қоятынымыздың өзі де күлкілі емес пе? Күлкі күні болғасын бәрі де жарасымды.

Ал, Күлкі күнінің қарсаңында, нақтырақ айтқанда, 29 наурызда қазаққа күлкінің көкесін сыйлағандардың бірі Көпен Әмірбектің дүниеге келгені дау тудырмайды. Пашпыртында солай жазулы тұр. Ендеше Күлкі күнінде Көпекенді еске алуымыз дұрыс па? «Дұрыс емес» деп көріңізші...

Балапан Базар есімді зор сатириктің бағалауы бойынша «Шымшымалары - Шоқ, сықақтары -От, фельетондары -Найзағай, памфлеттері - Атом» іспетті, қазақтың Шыншыл, Ойшыл, Намысшыл, Азаматы болған сатирик ақын Шона Смаханұлының туғанына -100 жыл толады.»Аймақ ақшамы» күлкінің қос сарбазын бір - бірінен бөле жармай, бірге еске алғанды жөн санады. Көпен Әмірбектің Шона ағасы туралы жазып кеткен естелігін аздаған қысқартулармен өздеріңізге ұсынып отырғаны да сондықтан.

## Көпен ӘМІРБЕК

**Б**асымыздың суы кеппеген балаң кезімізде қазақ сықақшылары қамшының шашағындай бес-алтаудан аспайтын. Атағынан ат үркетін Асқар Тоқмағамбетов, миығына ұялаған мысқылды балапандай басып шығара қоятын Мыңбай Рәшев, шоқ тілді Шона Смаханұлы, «езуінді екі құлағының сыртына шығарып» күлдіретін Оспанхан Әубәкіров, мақамы майдан қыл суырғандай Үмбетбай Уайдин, оспағы оттай қаритын Оспанәлі Иманалиев, түйрейтінін түйреп, сүйрейтінін сүйреп, мәселені қабырғадан қоятын Ғаббас Қабышевтардың қатарын қағытпасы мол Қажытай Илиясов пен әр сөзі мірдің оғындай Сейіт Кенжахметов толықтырды. Бітті. Бар-жоғы осы-ақ. Ал Қалтай ағаның қаншама қалжыңдарын оқып, комедияларын көрсек те біз бұ кісіні неге екенін қайдам, сатириктердің санатына қоспайтынбыз. Қойдан қозыны айырғандай өзімізше «драматург» деп есептейтінбіз. Сөйтсек біз білмейтін бірталай нәрсе бар екен. Қазақ әдебиетіне қадау-қадау із қалдырған Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сейділдә Төлешевтердің өзін-сықақ әңімелері мен фельетон дарын кейінірек оқып, кештеу болса да кеңілдеп күлгенбіз.

Оқушы кезіміз. Өсершіліміз. Буынымыз бекіп, қабырғамыз қатпай жатып әлгі әзілкеш көкелеріміздің көп дүниесін көкейімізге тоқып өстік. Сырттай қызығамыз. «Қандай кісілер екен, дидамын бір көрсек-ау!» деп армандаймыз. Ол заманда сіркедей нәрсені күркедей қып көрсететін қазіргідей қарақұрым жарнама жоқ. Жалғыз жарнама – жазушының шырайлы шығармасы. Жақсы дүниені жапатармағай таласып-тармасып оқығанша асығамыз.

Тоғызыншы сыныпты бітіргесін 1966 жылдың тамызында Шәуілдірден Алматыға тарттым. Арақашықтығы мың шақырымдай. Бар мақсатым – сүйікті

ақын-жазушыларымды бетпе-бет көріп, танысып қайту. Азуын айға білеген «Ара» журналын іздедім. Қазақстан Жазушылар одағының үшінші қабатына орналасқан екен. Ана шеті мен мына шеті ат шаптырым дәлізде келте бойлы кекілді кісі кездесті. Кітаптан суретін көргем. Бірден таныдым. Шона Смаханұлы.

– Ассалаумағалейкум, ағай! – деп айғайлап амандастым. Бойы бөкене.

Бірақ ширақ. Шалт. Байлаулы аттай тыпыршып бір орнында тұрмайды екен. Жылан өлтіріп жүргендей тез-тез қимылдайды.

– Әй, бала, кімді іздеп жүрсің? – деді. Сөзі шегедей. Нық. Не дерімді білмей саскалақтап, күмілжідім.

– Сіздерді...

– Сіздерді болғанда... кім керек?

– Шалдуар Тарпаңбаев, – дей салдым. Аты-жөні қызық сондай кісі өткір фельетондарды «өлтіріп» жазатын.

– Жүр, бері қарай...

Айдап отырып «Ара-Шмель» журналының бас редакторы Жүсіп Алтайбаевтың бөлмесіне мені ертіп барды да: – Мына бала сізді, «Шалдуар Тарпаңбаевты» іздеп жүр, – деп күлді. Сөйтсем «Шалдуар Тарпаңбаев» деген Жүсіп Алтайбаевтың бүркеншік аты екен.

Жүсекең суық сөйлесті. «Шалдуардың қай шығармасын оқыдың?» деп сұраған да жоқ. Қырау қабақ. Жақтырмай тұрған сияқты. Бір қарағанда шөлкем-шалыс, асау аттай тарпаң көрінді. Жаратылысы солай, бержағы Мұзды мұхиттай болғанмен, аржағы – Африка сияқты.

– Өзің бірдеңе жазасың ба? – деп сұрады Шона ағай. Басымды шайқадым. Балаларға арнап өлең, жұмбақ, жаңылтпаш жазатынымды жасырдым. «Ия, ептеп түртетінім бар» деп айтуға жүрексіндім. «Ағай, сықақ өлеңдерді оқығанды жүдә, жақсы көрем!» дегім келді. Дей алмадым. Тағы да тамағым тас тығып қойғандай үндемедім. «Ал, оқышы, айналайын!» десе көгендеулі қозыдай көптеген шымшымаларын жамыратып, ағытуға дайын тұрмын.

«О, жаратылыс – жасаған-ай!

Қыздың да болады екен

Қашағаны-ай!  
Бір жігітпен  
Мінгесті де таксиге,  
Тайып тұрды  
Басқа үйге.  
Шіркіннің  
Асығысы-ой, жеделін-ой,  
Қашпаса да  
Көкесі береді ғой».

Әдемі шымшыма. Алпысыншы жылдары ауылдың бойжеткен қыздары әкешесінің алдынан өтпей күйеуге қашып кететін ерсі қылықты дөп басып сынаған. Мөлтек сықағын бір оқығанда-ақ жаттап алғанбыз. Немесе...

«Үйленгенше  
«Жаным!» дейді.  
Үйленген соң  
Жанын жейді.  
Өйтпесе мына бір шымшымасы ше?  
Қарындасы  
«Аға» дейді ағайды.  
Ал ағасы...  
Қоразданып қарайды.

Өсіресе «Апатқа ұшыраған шофердің хикаясы» деген сықақ өлеңін су жыландай сумаңдатып жатқа соғатынмын. Жұмған аузымды аша алмай қор болғаным-ай. Былай шыға ынжықтығыма жыным келіп, өзіме-өзім кіжіндім. «Ара» журналына немене барып, неге қайттым?» деп іштей тепсіндім. Е, мейлі. Ең бастысы, Шона ағайды жүзбе-жүз көрдім ғой деп сабама түстім.

\*\*\*

Есейдік. Шона ағамыздың шымшымалары мен шаншымаларын, мысалдары мен мысқылдарын, халықаралық тақырыпқа жазылған памфлеттері мен фельетондарын оқып ержеттік. Студентпіз. ҚазГУ-дің соңғы курсында Шона Смаханұлына арнаған екі жолдық эпиграммам «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Ұстазымыз профессор Темірбек Қожекеев эпиграмманы «достық рәуіш» деп түсіндірген. Қанша сүтті болғанымен сиыр да суалады ғой. Қадағалап қатты оқитын сықақшы ағам соңғы кездері «суала» бастағандай сезілген еді, өйткені, газеттерде аз жари-

яланытын болған. Соны меңзеген достық рәуішімнің сорты мынау:

«Тақырып табылмаса тым шырайлы,  
Шымшыған санын қайта  
шымшылайды».

Кездесе қалса келтегін сілтеп, сирағымды сындыратын шығар деп көпке дейін қашқақтап жүрдім. Жоқ, олай болмады. Ойда жоқта ұшырастым. Қыбыжықтап тұрғанымды байқады ма қайдам, «шымшымамды» шыбын шаққан құрлы елемеген сыңай танытты. Іштей ризамын. Алда-жалда «Әй, бала, жағама жармасқаның қалай?» дей қалса, алдынала айтар уәжімді дайындап қойғам. Ол уәждерім былайша өрімделер еді.

– Ағай, сіз де талайларға эпиграмма арнадыңыз ғой. Мысалы, Шәмші Қалдаяқов туралы...  
Өмірде екі Шәмші бар:  
Бірінен жақсы өн шығар,  
Бірі арақты қамшылар! – дедіңіз. О кісі ренжіді ме? Немесе, «Ақ Жайық» атты трилогия жазған Хамза Есенжанов туралы эпиграммаңыз ше?

Бірінші кітап – «Ақ Жайық»,  
Екінші кітап – «Ақ Жайық»,  
Үшінші кітап – «Ақ Жайық»  
Жайыққа Жайық қосылып,  
Суға кетіп қалмайық!...  
Хамза ағамыз ер-тоқымын бауырына алып, тулады ма? Тулаған жоқ.  
Шыбық тимес шыңқ етпе сыншыларды:

-Өзгелерді шымшысың,  
Шымшысың да тыншысың.  
Өзіңді біреу шымшыса,  
Шегірткедей ыршисың! – деп өзің де қыршыған жоқсыз ба? Демек, «Дүние-кезек» дегелі тұрғам. Дегем жоқ. Өйткені Шөкең тіс жарып ештеңе деген жоқ. Сірә, іштей ұғыныстық-ау?

\*\*\*

«Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалатынын» баяғыда байыптап айтқан ұлттың Ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастап қаншама қайраткерлердің қазақ тілі үшін қабырғасы қайыспады? Ана тіліміз тоқырауға ұшыраса да тоқтаған жоқпыз.

## 1 СӘУІР - КҮЛКІ КҮНІ

Шырылдадық. Шыр-пырымыз шықты. Әсіресе білек сыбанып кіріскендердің бірі, бірі емес-ау бірегей күрескері Шөкең болатын. Ана тілімізді мәуелі ағашқа теңесек, Шона Смаханұлы бау-бақшаның бағбаны болды. Аялады. Баптады. Ана тіліміздің шұбарлығы жөнінде шымбайға батырып жазған шымшымалары қаншама.

Ол сөйледі: «Так-так-так!» деп,  
Біз отырдық: «Қап-қап-қап!» деп.  
Жүз қайталап «значить!»,  
Әттегене-ай, миды ашытты.

Орысша-қазақшаны сапырыстырып, ойран-ботқасын шығарып сөй-лейтін орашолақтар көп болды ғой. Қазір де аз емес. Сол бір сорақылыққа күле қараған Шөкеңнің сықақ өлеңі студент кезімізде ауыздан ауызға тез тарады.

«Сосед үйдің баласы  
Аз жеген соң хлебті,  
Лицосына қарашы,  
Худойланып жүдепті».  
«Оқымасаң, лодыр боп,  
Сен де тупой боласың.  
Городта саған орын жоқ,  
Степьте баран бағасың».

Сабаққа зауқы жоқ саппас ұлына зекіген анасының сөзі бұл. Ал, ақылдымысынған анасына баласы былай дейді:

«Мен жиырмаға жеткенше,  
Көп сөйлейсің бос, мама.  
Зря болтайт еткенше,  
Молоко бер кошқаға».

Бұл сықағын бұлттарып, бұқпантайламай, оқыс бұрылып көппілікке «Көп тіл білу мін емес, Тек қойыртпақ тіл емес» деген ой тастайды.

Шөкең жазып қана қоймады, тіл үшін жанталаса күресті. Алматыда қазақ балабақшасы, мектебін ашу туралы хат жолдағаны өз алдына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауына арнайы сұранып кірді.

Сол кездесуі туралы өзі бір сөзінде «Есіктен кіріп келгенімде күректөй қол алдымнан шықты. Қолым қолының ішінде жоғалып кетті. Бұйымтайымды сұрады. «Мен соғыстан аман-есен келдім. Бала оқыттым. Еліме күлкі сыйлап жүрмін. Ендігі арманым – қазақ мектептерін көбейтсем екен! дегенімді Димекең «Менің алдыма келгендер үй сұрап, машина сұрап бүгехектейтін еді» деп маған ризашылықпен елжірей қарап қалды. «Ата-аналар қол жинап, керек екенін талап етіп жатсаңыздар, неге аштырмаймын, аштырамын ғой» деді» деген екен. Сол күрестің нәтижесінде Алматыда 70-жылдардың ортасында екі қазақ мектебі ашылып еді -ау...

\*\*\*

Ол тіл туралы өзіміздің ғана емес күллі әлемдегі ірілердің сөздерін жатқа білетін. Бірде Қазақстан Жазушылар одағының қақ алдында Шона Смаханұлы аға-мыз пора-пора боп сөйлеп тұр екен. Бұл 1975 жылдың қыркүйек айы еді. Айналасында алты-жеті шәкірті аузын ашып, көзін жұмып ұйып қалған. Бақсам, қағажу көрген қазіргі қазақ тілінің мәселесі туралы тереңнен сөз қозғап тебіренуде, құдды аудиториядағы профессордан аумайды-ақ. Ағамның аузынан естіген бұрынғы-соңғы ғұламалардың тіл туралы ақжолтай ғажлиясын қағазға түсіріп көшіріп алған едім. Соның бірсыпырасы мінеки... – Бала тілін білмегеннің, Бір «шаригі» жетпейді. Ана тілін білмегеннің, Мың «шаригі» жетпейді! – деді Шөкең әр сөзін шегедей қағып. – Бұл бірақ, менің шығарған шымшымам.



– Паустовский «Хайуан ғана ана тілін білмейді, ана тілін білмейтін адам хайуанмен бірдей» деген еді ғой. Соған арқа сүйей отырып, шымшымаңыздың шоғына қақтап алмадыңыз ба, Шөке? – дедім маздаған ойын қоздатып. Сол сол-ақ екен, Шона ағам тоғаны ағытылған көлдей лақ етіп құйылып, ана тілі туралы данышпандардың ой-пікірін нөсердей төкті.

– Айналайын-ау, Владимир Ильич Лениннің өзі толық шығармалар жинағының 45-томында «Бір елдің, ұлттың, халықтың тілін, мәдени ғұрпын, жақсы дәстүрін қорлаған адамды жазалау керек» деп жазыпты. Көсемнің сөзіне көз жұмып қарағандарды кім жазалайды? Қазір бәрін керісінше істеп жатыр. Күрмеулі тіліміз күн өткен сайын не боп барады? Әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз бозінгендей боздай бастады. Ал, Вяземский «Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек» деген. Кім қорғап жүр? Шекараны қорғауға қолғабыс жасап жүрген шекарашылардың иті құрлы жоқпыз ба? «Ана тілін білмейтін адам – мәдениетті адам санатына қосылмайды». Мұны айтқан Мұхтар Әуезов. Азын-аулақ қазақтың қаншасы мәдениетті? Күннен күнге кеміп, тарылып барады. «Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құр алақан қалады» деген Ғабит Мүсірепов. Ертеңгі күні құр алақан қалмайық, жігіттер! «Ана тілін білмейтін адам қолы жоқ, шолоқ адам тәрзіді» деген Ғабиден Мұстафин. Жасырып-жабатын не бар, қаладағы қазіргі қазақтардың қақ жартысы мүгедек. Шолақ. Халық өзінің тілімен ғана - мәнгілік» деген Шыңғыс Айтматов. Көбіміз сақауымыз, ана тіліндегі 42 әріптің отыз үшін ғана айта аламыз. Мына түрімізбен қалай ел боламыз, айналайындар-ау? «Балаға басқа тілді өз ана тілін толық меңгергеннен кейін ғана үйретуге болады» деген Надежда Крупская. Біз балаларымыздың мына басқа тілді сіндіріп барып, сосын қазақшаға қарай сүйрейміз. Ондай бала оңа ма? «Ана тілін білмеген Ақылы жоқ желік бас. Ана тілін сүймеген Елін сүйіп жарытпас» деген қырғыз ақыны Сарноғав. Ертеңгі күні елін сүйетін азаматтарды бүгін тәрбиелемесек кеш қаламыз. «Ана тілін білмейтін адамнан әділдік күтпе»

дейді Махатма Ганди. Ақиқаттың түп тамыры ана тілімізде, ағайындар. Осыны ұмытпайық!

Сынағанын сынадай қағатын Шона Смаханұлы сықақшы ғана емес, 120 әнге төгілтіп өлең жазған өрісі кең, өрелі ақын. Әсіресе композитор Әбиүрбек Тінәлиев шығарған «Анамның тілі – аяулы үнім» атты әннің шоқтығы биік. Неге? Қуатты. Шуақты. Ана тіліне деген іңкәрлік сезім бар жаныңды баурап алатыны анық. Әуені әлі күнге дейін құлағымыздың түбінде ыңылдап тұрғандай. Әуезділігі өз алдына, Шөкеңнің шөл даладай жүрегінен ақбұлақтай ағып шыққан ән мәтіні қандай, шіркін! «Анамның тілі – айбыным менің, Анамның тілі – ай-күнім менің!» дейді. Ойланасың.

\*\*\*

Ұмытпасам 1983 жылдың күрөң күзінде «Тамаша» ойын-сауық отауы арқылы танылған талантты актер Құдайберген Сұлтанбаев екеумізді

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының басшылары кездесуге шақырды. Күншігері дайындалдық. Не айтамыз? Елді елең еткізетін, бұрын-соңды ешкім естімеген езу тартар дүние қарастырдық. Барған жерде бар салмақ Құдайбергенге түсетіні белгілі. Күллі жұрт күлкінің көрігі деп соның аузына қарайтыны рас. «Тамашада» талай айтылған таптаурын әзілдерді қайталап таң қалдыра алмайсың ғой. Сондай қысылтаяң сәтте Шона Смаханұлының шағындау сықақ өлеңі маған ой салды. Егер оны тапқақтап оқыса онша әсер етпеуі мүмкін. Ал, қомағайдың тойымсыз образын бет-ауызбен бейнелеп қана қоймай, сайқымазақ әуенге салып домбырамен өндетсе ше? Қатып кететін сияқты. Жалмажан Құдекеңе телефон шалып, «Сыры кеппеген сықақ табылды» деп сүйінші сұрадым.

Тұсауы Созақта кесілген сол сықақты «Тамашаның» жаңа жылдық бағдарламасында тұңғыш рет орындағанда, Республика сарайындағы үш мың көрерменнің риза болғаны соншалық, желді күнгі қамыстай ырғатылып отырды. Жемқорлықтың желкесі қиылмай тұрған қазіргі кезеңде де құнын жоймаған «Дүниеқоңыздың арманы» деп аталған сол сықақтың мәтіні:

–Ұрғылап ұта берсем,  
Жұмарлап жұта берсем,  
Қатыр-құтыр шайнасам,  
Тоқсан табаққа тоймасам,  
Жапырақтай жалмасам,  
Абжылаңдай арбасам.

Үй деген соң үйе берсем,  
Қос-қосынан кие берсем,  
Қаптап алсам,  
Топтап алсам,  
Кеміре берсем,  
Жеміре берсем,  
Сіміре берсем,  
Семіре берсем.  
Бәрін өзіме,  
«Әкел! Әкел!» деп,  
Еміне берсем.

Түйені тобығымен жұтсам –  
Қақалмасам.  
Түк болмағандай  
Қақандасам.  
Таласа қалса,  
Тартып алсам,  
Жанаса қалса,  
Қарпып қалсам,  
Пара берсе,  
Ала берсем,  
Емізікше  
Сора берсем.

Ортан жілікті  
Опыра жесем,  
Шайқап-төгіп  
Сапыра ішсем,  
Қойны-қоншыма  
Қымқыра берсем,  
Ышқырыма дейін  
Жымқыра берсем,  
Айналамды  
Айпап-жайпасам,  
Көл суын да шайқасам,  
Мен жұтқанда,  
Оппадай обып жатқанда  
Өзгелер  
Өртені қызғанып,  
Тамсана қараса.  
Таласа –тармаса  
Жұғынын ғана  
Жаласа!-деп келетін еді. Сол сықақ Құдайбергеннің орындауында интернетте бар. Көруге болады. Кейде қараймын да сықақтың ішкі мазмұнын соншама ашып көрсете білген оның актерлік шеберлігіне таң қаламын.

\*\*\*

Кеңес кезінде аты-жөні «ұлы» деген жалғаумен бітетін үш-төрт қазақ болды. Бауыржан Момышұлы Шона ағаны «№2 Ұлы» деп атайды екен. Бірде Жазушылар одағының кафесінде Баукең бір кісілермен отырса Шона ағамыз келіп сәлем беріпті. Баукең: - Қош келдің, «№2 Ұлы», отыр - депті де, алдындағы шампаннан құйыпты. Сонда Шөкең : «Ұлылар» ешқашан ешкімнің сарқытын ішпейді» депті. Інісінің тапқырлығына риза болып кеткен Баукең «№2 Ұлының құрметіне» деп, жаңадан шампан алдыртқан екен. Ұлыларым -ай... Ірілерім -ай..

Шона Смаханұлы да ұлы қазақтардың бірі болатын. Алаштың абызына айналған Әбіш Кекілбай ағамыздың парасат-пайымына арқа сүйесек «Алтын азбайды, асыл тозбайды, жайсаңның да жадтан шығып, ұмытылмағы тіпті де мүмкін емес». Ендеше, Шөкең де ешқашан ұмытылмақ емес.

(«Сөйле десең сөйлейін...»  
кітабынан, 2015 жыл)

## ► СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

### ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

*Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.*

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «сogruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «сogruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру,

сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Л. АЛИКУЛОВА,  
Сәтбаев қалалық  
қазынашылық басқармасының  
басшысы.**

## ► ДІНІҢДІ - БҰЗБА, ДӘСТҮРДІ - САҚТА!

### АДАСҚАННЫҢ АЙЫБЫ ЖОҚ, ҚАЙТЫП ҮЙІРІН ТАПҚАН СОҢ

*Жалындаған жастық шақ. Жасы үлкен аға-әпкелеріміз «Жасыңда оқы, тоқы, білім ал. Уақытыңды зая кетірме. Жамандықтың жолына түспе. Жас кезіңде қалай қалыптассаң сондай боласың» дегенді жиі айтады.*

Жас шағында елеулі іс бітіріп елдің алғысын алып, мерейі өсіп жатқандар бар. Бұл жастарды көрсен бір көңілің жайланып еліміздің болашағына сеніммен қарай аласың. Бірақ, бес саусақ бірдей емес дегендей, барлығы жақсы болса мейлі ғой. Өмірде ақ пен қара қатар жүреді. Шалыс басып, қиындыққа тап болып, жеңіл жаққа бет бұрған жастарымыз қаншама. Олар ол жағдайға әдейі барып түсейін демейді ғой. Жат әдеттер санамызды улап алады: темекі тарту, ішімдік, есірткі, жаман қылықтар, қолына суық қару ұстап адам өмірін қию, әдепсіздік, мода, діннің басқа жолына түсіп кету, өз-өзіне қол жұмсау, біреудің ала-жібін аттау, ұрлық. Қарап отырсаңыз жамандық деген жетеді. Тіпті, бұл сөздердің қатары көбейе беруі мүмкін. Мұндай жағдайға тек жастар ғана емес, жамандық кімнің басын айналдырады сол, егде жастағылар да, арбауына алданып аяқ басып кетуі мүмкін. Адамның өзінен -өзі бұзылып кетпейтіні түсінікті ғой. Біреуге – біреу ықпал етеді. Жастардың арасында мода деген түсінік қалыптасқан. Еліктейді, біріне – бірі артық болып көрінгісі келеді. Қазір оның үстіне түнгі клубтар көп. Нашаның басты таратылатын орны – осы түнгі клубтардағы дискотекалар. Негізі, «тәрбие -тал бесіктен» демекші, барлығы тәрбиеден басталады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсең». Дұрыс тәрбие берілмегендіктен, отбасы толыққанды болмағандықтан бала психологиялық ауытқуға ұшырайды. Немесе қазіргі барлық жағдайдың, яғни төрт түлігінің сай болуы кері ықпалын тигізуі мүмкін. Олардың қатарына ғаламтор келіп қосылды. Әр адамның бойында қызығушылық қасиеті болады. Біз тегі сол жақсылыққа қызықсақ жақсы ғой. Жамандықты тез меңгеріп

аламыз. Тағыда бір себебі, жоғары да айтқанымдай ортасы, яғни дос-жаран, құрбы-құрдастарына да тікелей байланысты. Барлығының атын кірлегім келмейді, бірақ көбісі басына кішкене бір болмашы қайғы түссе, не темекі шегеді, не арам суға жүгінеді, есірткінің рахатына шомылады. Маскүнем адам ақылынан айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады, өзін бақылауда ұстай алмайды. Есірткі- бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық желігіне ұшыратады, нашақор есірткісіз өмір сүре алмайтын бейшара халге түседі. Есірткінің негізгі түрлеріне апиын, кокаин, көкнәр, марихуана, гашиш және тағы басқалар жатады. Барлығы да адам ағзасы мен психикасына әсер етіп, зақымдайды. Мұны «мидың қатерлі рагы» дейді. Хадисте: «Адам ата перзенттері мына төрт нәрсеге жауап бермейінше, қияметке бара алмайды. Өмірін қалай өткізгендігі, жастық шағын қалай пайдаланғандығы, байлығын қалай тауып, қайда жұмсағандығы мен істеген амалдары туралы» деген. Бұл айтылып отырғандардың барлығы бізге берілген аманат. Хадисте адам өмірін айта отырып, жастық шақты ерекше көрсетуі тегін емес. Сондықтан, жалынды жастарымыз жалт етіп өте шығар жастық дәуренді сауық құрып, текке өткізбей, өзінің өміріне лайықты пайдалы іспен шұғылданса игі болар еді. Адам баласы өзіне жүктелген аманатына адал болса ғана адамзаттық борышын сақтап қала алады.

**Еркебұлан ЖАГИПАРОВ,  
«Сәтбаев қаласы  
дін сұрақтары бойынша ақпарат  
және кеңес беру орталығы»  
КММ-нің бөлім басшысы**

## СВЕТСКОЕ ГОСУДАРСТВО И ПЕДАГОГИКА

*Светское государство и педагогика в техническом и профессиональном образовании представляют собой уникальное переплетение идей, направленных на подготовку специалистов, способных вносить вклад в развитие общества, не зависимо от их религиозных и культурных убеждений.*

В современном мире, где технологии и профессиональные навыки развиваются с невероятной скоростью, образование играет ключевую роль в формировании квалифицированных кадров, способных адаптироваться к новым вызовам и изменениям. В этом контексте светское образование выступает не просто как фундаментальный принцип, но и как необходимое условие для обеспечения равных возможностей для всех студентов, независимо от их вероисповедания. Светское государство отстаивает принципы нейтралитета в образовательном процессе, что особенно важно в сфере технического и профессионального обучения. Это образование ориентировано на приобретение конкретных навыков и знаний, необходимых для работы в определенной профессиональной сфере. В таком контексте, отсутствие акцента на религиозных убеждениях позволяет сосредоточиться на практических и теоретических аспектах обучения, делая образовательный процесс более эффективным и целенаправленным.

Принципы светского образования в техническом и профессиональном обучении способствуют формированию у студентов универсальных компетенций, таких как критическое мышление, способность к решению проблем и адаптации к новым условиям труда. Эти навыки являются ключевыми в современном мире, где технологические инновации и изменения на рынке труда требуют от специалистов гибкости и готовности к постоянному обучению. Кроме того, светское образование способствует инклюзивности и равенству в образовательном процессе. В техническом и профессиональном обучении, где студенты могут приходить из различных социальных и культурных контекстов, создание нейтральной и уважительной образовательной среды является основой для обеспечения равных возможностей для всех. Это подразумевает не только отсутствие дискриминации по признаку религии, но и активное содействие в развитии культуры взаимоуважения и признания разнообразия.

Однако внедрение принципов светского образования в техническое и профессиональное обучение сталкивается с определенными вызовами. Один из них – это необходимость адаптации учебных программ к быстро меняющимся технологическим и профессиональным требованиям, сохранения при этом общечеловеческие ценности и принципы светскости. Это требует от образовательных учреждений не только следования актуальным тенденциям в области технологий и профессий, но и развития методик преподавания, способствующих формированию открытого и критического мышления.

В заключение, светское государство и педагогика в техническом и профессиональном образовании играют важную роль в подготовке квалифицированных специалистов, способных работать в условиях глобального мира. Обеспечение нейтральности образовательного процесса, сосредоточение на приобретении практических навыков и знаний, а также формирование универсальных

компетенций и уважения к разнообразию – ключевые принципы, лежащие в основе светского образования. Они способствуют созданию инклюзивного и равноправного образовательного пространства, где каждый студент может достичь своего потенциала и внести вклад в развитие общества. Продолжая тему важности светского образования в техническом и профессиональном контексте, следует подчеркнуть, что в современном мире, где границы между культурами и религиями становятся всё более проницаемыми благодаря глобализации, способность работать в мультикультурной среде становится неотъемлемой частью профессиональных компетенций. Светская педагогика, акцентируя внимание на универсальных человеческих ценностях и навыках, подготавливает студентов к эффективному взаимодействию в такой среде, способствуя формированию уважительного и понимающего отношения к различиям.

**Е.БУКАШКИНА,  
директор ЧУ «Технологический  
колледж корпорации Казахмыс»,  
член городского ИРГ**

## ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!

2024 жылғы 26 сәуірде сағат 11:00-де Сәтбаев қаласы, Ұлытау көшесі 93 мекен-жайында «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС мәжіліс залында 2023 жылға арналған реттеліп көрсетілетін қызметтердің келесі түрлері бойынша тұтынушыларға және басқа да мүдделі тұлғаларға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп беру үшін жария тыңдаулар өткізіледі:

- жылу энергиясын беру, бөлу және онымен жабдықтау;
  - суды таратушы желілер арқылы беру;
  - сарқынды суларды бұру және тазалау;
  - Жезді кентіне суды магистралдық құбыр жолдарыарқылы беру.
- Байланыс телефоны: 8(71063) 6-01-03.

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС әкімшілігі.

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ!

26 апреля 2024 года в 11.00 часов по адресу: г.Сатпаев, ул. Ультауская 93, в зале заседании ТОО «СПТВС» состоятся публичные слушания по проведению отчета об исполнении утвержденной тарифной сметы перед потребителями и иными заинтересованными лицами за 2023 год по следующим видам регулируемых услуг ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения»:

- передача, распределение и снабжение тепловой энергией;
  - подача воды по распределительным сетям;
  - отвод и очистка сточных вод;
  - подача воды по магистральным трубопроводам для поселка Жезды.
- Контактные телефоны: 8(71063) 6-01-03.

Администрация ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения»

### ► ДЕНСАУЛЫҒЫҢ - ӨЗ ҚОЛЫҢДА

## ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Туберкулез - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Жұқтырудың негізгі көзі - туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жәтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тоздандырылған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жәтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін. Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?  
1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.  
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.  
3. Қақырықты зерттеу жәтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің белгілері.  
• жәтелу және қақырықтың бөлінуімен жәтелу, кейде қанмен;  
• ұзақ уақыт бойы 37-37,5 градусқа дейін дене қызуының жоғарлауы;  
• тез шаршау және әлсіздіктің пайда болуы;  
• төбеттің болмауы немесе азаюы, салмақ түсіру;  
• көп терлеу, әсіресе түнде;  
• денеге кішкене жүк түсірген кезде ентіге бастау.

Туберкулезді дамытуға әсер ететін факторлар:

- Негізгі фактор – иммунитеттің азаюы, оның себептері:
  - шылым шегу;
  - күйзеліс жағдайлар;
  - жеткіліксіз және дұрыс тамақтанбау;
  - жаман тұрмыстық жағдай;
  - маскүнемдік;
  - нашарлық;
  - АИТВ/ЖИТС;

• созылмалы өкпе ауруы болуы мүмкін. Туберкулездің алдын алу шаралары.

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.

2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен ай-

налысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Вакциналау - туберкулездің таралуын ескертетін маңызды қадам. Балалар туберкулездік инфекцияларға аса жақын және өкпе егілмеген балалардың туберкулезбен ауруы ықтимал.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртінуге, құю, душ.

5. Жәтел этикетін сақтау  
6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам төбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялау.

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Сәтбаев қаласында 2023 жылы туберкулезбен ауырған науқастардың саны 27. Тұрғындардың 100 мың адамына шаққанда сырқаттанушылық көрсеткіші 27,22% құрады. Оның ішінде тыныс алу жүйесінің туберкулезі 25 жағдай. БК+ бар науқастардың жалпы саны 16 жағдайды құрайды. 14 жасқа дейінгі ауру балалар арасында 2 жағдай тіркелген. Жыл қорытындысы бойынша БК+ ауырған науқастардың 9 ошағына қорытынды дезинфекция жасалды, сонымен қатар телерадиоға 5 сұхбат, бұқаралық ақпарат құралдарына 9 мақала, 26 санбюллетень, 260 парақшалар таратылды.

2024 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша туберкулезбен сырқаттанушылықтың 9 жағдайға өсуі байқалады және тұрғындардың 100 мың адамына шаққанда сырқаттанушылық көрсеткіші 12,8% немесе 9 жағдайды құрады.

Г. ТӨРЕХАНОВА

«Сәтбаев қаласы санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» ММ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы.

### ► ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## МЕДИАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

«Медиация» термині латынның «mediare», делдалдық ету деген сөзінен шыққан. Медиация — үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы түрі.

Аталған үшінші тарап ретінде медиаторды танымыз, ол даудың немесе сотта қаралатын істің қатысушыларының белгілі бір келісімге келуіне көмектеседі, сонымен бір мезгілде тараптар дауды реттеу мен оны шешудің шарттары жөнінде шешім қабылдау үдерісін толығымен бақылап отырады.

Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданыла алады. Азаматтар, сондай-ақ заңды тұлғалар медиацияға белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында анағұрлым ірі істердің шешілу сапасын арттыруға болады. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 % медиация рәсімінен өтеді, олардың 85 %-нда оң нәтижелерге қол жеткізілген. Қазақстанда «Медиация туралы» Заң 2011 жылдың 5 тамызында күшіне енді. Бұл заң ҚР медиацияны ұйымдастыру

саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды. Медиацияны жүргізу қағидаттары: еріктілік; құпиялық; өзара сыйласушылық; тараптардың тең құқылығы; медиатордың бейтараптығы мен әділдігі; рәсімнің ашықтығы. Медиацияның басты мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келу. Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «кінәлілер» мен «кінәсіздер» деген тараптар болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы қылмыс жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды және қалпына келтіруді көздейді. Басқаша айтқанда, медиация мүмкіндігіне қарай істі сотқа жеткізбеу мақсатын көздейді.

Д. УТИКЕЕВА,

Жезқазған қалалық сотының судьясы.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: Satp\_maslihat@krg.gov.kz

## ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: Satp\_maslihat@krg.gov.kz



**ОВЕН.** На этой неделе вам следует подготовиться к некоторым испытаниям и препятствиям. Они могут произойти в вашей личной или профессиональной жизни, поэтому важно быть начеку. В отношениях могут возникнуть конфликты и недопонимания. Важно четко общаться и избегать принятия импульсивных решений..



**ТЕЛЕЦ.** Тельцы будут чувствовать себя прекрасно и готовы справиться с любыми трудностями. Уровень вашей энергии и мотивации будет высоким, что позволит вам с легкостью выполнять задачи и обязательства. Ваше начальство заметит ваши усилия и может предложить вам возможности для роста.



**БЛИЗНЕЦЫ.** Звезды в этот период принесут Близнецам положительную энергию и отличные возможности. Вы почувствуете себя более уверенным и напористым, что поможет вам справиться с любыми проблемами, которые могут возникнуть. В личной жизни общение будет иметь решающее значение.



**РАК.** На этой неделе Раки испытают чувство позитива и удовлетворения. Звезды подарят вам хороший моральный и эмоциональный заряд. Это подходящее время, чтобы сосредоточиться на заботе о себе и развитии своих отношений. В работе вы можете столкнуться с некоторыми неожиданными проблемами.



**ЛЕВ.** Львы столкнутся с проблемами в различных сферах жизни. На работе и в любви могут возникнуть препятствия, которые бросят вызов вашей обычной уверенности и решимости. Важно помнить, что эти проблемы носят временный характер и их можно преодолеть, проявив терпение и настойчивость.



**ДЕВА.** На этой неделе Дев могут ожидать чудесные события. Благодаря планетарным движениям и энергиям вы почувствуете сильное чувство баланса и стабильности во всех аспектах своей жизни. Тяжелая работа и преданность своему делу окупятся, и вы увидите прогресс в своей карьере и личных целях.




**ВЕСЫ.** Весам придется проявить сдержанность и пересмотреть свой бюджет, чтобы избежать чрезмерных трат. С точки зрения карьеры, это прекрасное время, чтобы взяться за новые проекты или обязанности. Ваша творческая энергия и новаторские идеи будут оценены вашими коллегами и начальством.



**СКОРПИОН.** Звезды на этой неделе сойдутся в вашу пользу, Скорпионы, и вы почувствуете уверенность и решимость. У вас есть сила достичь всего, о чем мечтаете, поэтому убедитесь, что вы используете ее с умом. Эта неделя идеально подходит для решения новых задач и проектов.



**СТРЕЛЕЦ.** На этой неделе Стрельцы столкнутся с некоторыми проблемами в профессиональной жизни. Энергия планет не в вашу пользу, и вы можете чувствовать, что постоянно сталкиваетесь с препятствиями. В это время важно сохранять спокойствие и сосредоточенность. Если позволить разочарованию и гневу взять верх, ситуация только ухудшится.



**КОЗЕРОГ.** Козероги почувствуют сильное чувство уверенности в себе и решимости в большинстве аспектов своей жизни. Ваши природные лидерские способности проявятся, и вы сможете относительно легко брать на себя ответственность и принимать важные решения.



**ВОДОЛЕЙ.** В целом, эта неделя полна позитивной энергии и потенциала для успеха для представителей знака Водолей. Ваше природное обаяние будет на высоте, что позволит легко заводить новые связи и производить впечатление на окружающих.



**РЫБЫ.** На этой неделе важно быть открытыми в выражении своих чувств. Мудрые финансовые решения помогут вам преодолеть любые денежные трудности и сохранить баланс. Важно иметь позитивный настрой и верить в свои способности.

## СКАНВОРД

На какой реке стоит Женева?	Вспомогательный якорь	И быстрая, и верховая	Сорт картофеля	И утроба, и сердцевины	Яства без пафоса	Ушастый приплод	Испанское парусное судно
«Блеющий» знак зодиака			Газ, двигающий торговлю				
Цветок для забывчивых							
			Общее название институтов и университетов	Гадальные карты			
Автор и исполнитель своих песен	Страх, сильная боязнь, испуг				И рыба, и дензнак		Постель предков
Коровий отход, дающий доход	Автор, скрывший своё имя	«Смазка» для ран садовых деревьев	Человек с даром красноречия	Город Кристиана ныне			
				Заморский забор	Птица, горная индейка		Американская или кокосовая слива
Верблюд с одним горбом			Предмет поклонения, восхищения				
Пророк, жрец					Единица плотности женских чулок		«Тот свет» для праведника
Благовонное масло		Британский певец, автор «Дороги в ад»	«Глаз» авиадиспетчера				
			Пальма с перистыми листьями				
Обманчивая видимость					Капитан ковчега		

### ► ҮШТІЛДІЛІК ТУРАЛЫ

## БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

**«Үштұғырлы тіл саясаты – болашақтың кілті» деп аталатын, арнайы бағдарлама, жоба бар. Қазіргі таңда бұл жоба бойынша арнайы жоспар жасақталып, біртіндеп іске асырылуда.**

Қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін-ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілін-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде қолдануымыз керек.

Жоғарыда аталған жоспарды басылыққа ала отырып, қазіргі уақытта осы жоба Қазақстандықтардың тарапынан қолдау тауып, тетігін іске қосу бағытында түрлі жұмыстар атқарылып жатыр.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің дәрежесі уақыт өткен сайын артып келеді.

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де, озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді

көздеген халықтың басты мақсаты- сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ал сауатты ұрпақ дегеніміз өз тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Әрбір адам ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра. Егемендігіміздің арқасында еңсесін тіктеп, күретамырын тереңнен бойлаған төл тіл.

**Б.ТОЛКИМБЕКОВА,  
Сәтбаев қаласының  
балалар мен жасөспірімдер  
кітапханасының  
кітапханашысы.**

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

### АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 460

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8  
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.